


**Егемен Қазақстан**

**Егемен.kz**

**Отандық спортқа олжа салған оғлан еді...**



Таэквондо – ғажайып спорт. КСРО империясының әсіре сақтық жасап, капиталистік дүние игіліктеріне көз жұмып қарайтын тұмшаулы кезеңі еді. Корей халқының ұлы Өнерінің журналдарын жасырын бейнетаспалардан көрдік. Қос аяқты қайшылай қимылдатып, қарсыластың әптер-тәптерін шығаратын, кескен теректей сұлататын спортқа іштей ынтығып жүргенде елге Алманиядан Мұстафа Өзтүрік келді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары. Бір құлап, бір тұрып жүрген шақ. Кешегі мызғымастай көрінген империя құлаған. Қуатты көрінетін кәсіпорындар да нарық толқындарына шыдай алмай жабылып, ондаған мың азамат нәпақасыз қалған. Алтын бесік ауыл да мәйегінен айырылып, ер-азамат қарадай жүнжіген шақ. Осындай белгісіздік жағдайында ел рухын көтеретін тұлғалар керек еді.

Мұстафа Өзтүріктің Еуропа кіндігінен тарихи Отанына келуі жүдеп жүрген қазақтың көкірегіне үміт сәулесін жақты. «Ел екен біз-ау, бар екенбіз-ау, батырдың ұрпағы екенбіз-ау» дегізді.

Еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін Мұстафасын ардақ тұтты. Алқалаған ағайын барған жерінде Мұстафасының аяғын жерге тигізбеді. Өйткені Мұстафаның жүрегі үлкен еді. Онда бар қазақты кеудесіне сыйғызып, шынайы жақсы көрген қасиет бар еді. Алғаусыз сүйді, ата-бабамның кіндік қаны тамған киелі мекен деп өтті.

Алматыдағы Орталық циркке Германиядағы шәкірттері және мәртебелі қонақтарымен келіп, өнер көрсетуі оның даңқын аспандатып қана қоймай, елдің рухын көтерді.

Мұстафаға дейін де қазақ ұлдары таэквондодан несібесіз емес еді. Ресейдің қиырында оқып жатқан қос ұланымыз Сұлтан Шоқпытов пен Шадиар Қондыбаев алғашқы жеңіл салмақта Ресейдің алғашқы чемпионатында топ бастаған. Кейініректе Ресей таэквондо федерациясының бір тізгіні Сұлтан Шоқпытовтың қолында болды.

Сонау Краснояр өлкесінде жауапты қызмет атқарып жүрген Шадиар Қондыбаевтың баспасөз арқылы Мұстафа Өзтүрікке сынақ тапсыруға өтінуі де өте жарасымды еді.

Мұстафа Қайрат Қырғызбаев бастаған қазақтың кеудесімен мұз жаратын жігіттерін баптап, халықаралық жарыстарға салды. Мұзбалақ Мұстафа от еді ғой. Халқын жанындай сүйетін. Ол айтқан жалынды сөздер әлі де елдің жадында.

Қазақстан – тәуелсіздік алған жылдары Мұстафа Өзтүрік еліміздің таэквондо құрамасын Түркияда өтетін халықаралық турнирге бастап барды.

«Еркек адам көп жағдайда жылай бермейді, – деген еді ол.

– Елін, жерін іздеген, іш құса болған азамат жылауы мүмкін. Бір жағдай мені қатты толқытты. Түркияда қаптаған мемлекеттердің тулары арасынан қазақ байрағын көргенімде көзіме жас тығылды. «Ел екенбіз, бар екен біз» деп жыладым. Шын жыладым. Сол жолы екі жігітіміз халық аралық жарыста чемпион болғанда да іштей егілдім».

Қуаныштың көз жасы еді ол. Қазақ елінде болып жатқан келеңсіздіктерді көріп, күйінгені де есте. «Біз сырт жерде өстік.

Тағдырдың жазуы солай болды. Ата-анамыз «қазақ елі деген Отандарың бар» деп бізді жігерлендіретін. Іштей сағынып өстік. Жат жерде жүрсек те тілімізді былғамадық.

Қазақстанға алғаш келгенде қуаныштан байқамаппын. Ірі қалаларда қандастарымыз орысша сөйлейді екен. Біз сыртта жүріп осында тіл үйренеміз бе деп келсек, мұндағы ағайындар өз ана тілін менсінбей жүр. Отарлаушы елдер сол елдің тілін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін құрту үшін ана тілінен айырады екен. Осыған жүрегім қатты ауырды. Ағайындар-ау, ұлттық қасиетімізді жоғалтып алмайық шы»...

Осылай деп те жанайқайын салған. Жастар ұқпады емес, көпшілігі ұқты. Мұстафадай дара қазақ, бодандықтың қамытын ғасырлап киген ұлттың бойындағы көнбістіктің, құлдық психологияның шынжырын бырт-бырт үзді. Жалындап, ұлт үшін өзегін суырып беруге дайын Мұстафа нағыз қайрақ еді ғой.

Сөйткен мұзбалақ Мұстафа да өтті дүниеден.

Істен гөрі қызыл сөзге жақын халықпыз ғой, оның өлімі әлі күнге дейін сан-саққа жүгіртіліп келеді. Кінәлілер болса Алла жазасын берер, бірақ оған біреу қастық қылатындай ешкімге жазығы жоқ оғлан еді.

Мұстафаның келуінен қазақ елінде корей өнері шырқау биікке көтерілді. Қазақстан чемпионаттарын тамашалауға құрым көпшілік келіп, финалдық жекпе-жектер үлкен мерекедей өтетін. Талай мықты жігіттердің томағасы сыпырылды.

Сол жылдары Алматы, Жамбыл, Шымкенттің шоқтығы биік болса, Батыс өңір қатысқанына шүкіршілік айтар еді. Бүгінде олимпия ойындарының алғашқы жүлдегері Арман Шылмановты берген Атырауда таэквондоның негізін менің досым Қабибек Мұхитов қалағанын айтпасақ, тарих алдында күнәға қалармыз.

Қазақстан чемпионаттарында сәтсіз өнер көрсеткен Атырау құрамасын ел жарыстарына әкелмей Қабибек көршілес Ресей облыстарының құрамаларымен бірге жаттықтырды, жарысқа салды. Арада екі-үш жыл өткен соң Қабибектің шарболаттай жігіттері әр салмақ бойынша ешкімге есе жібермейтіндей өршіл болып айқасты.

Дәл қазір таэквондо спортында Мұстафаның келген кезіндегідей жарқыл жоқ. Өйткені баяғыда бір жұдырықтай болып жүретін жампоз жігіттер уақыт ағынының ыркымен кетті.

Ұлы Абайдың «біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» ғибраты қазақ таэквондосының басында тұр. Ал Мұстафаның көзі тірісінде құраманы баптаған Сұлтан Шоқытов таэквондодан қол үзді. Ол да өкінішті. «Орнында бар оңалар» деген. Біз Мұстафаның кезіндегі атағы шыққан таэквондо спортын сағынып жүрміз.

Бақтияр ТАЙЖАН